


ace

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы

line

**Тасымалды
бағаны
Aceline APS235**



Мазмұны

Құрылғының қолданылуы	5
Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар (Li-pol/Li-ion)	5
Сақтық шаралары	8
Құрылғы сызбасы	9
Құрылғыны пайдалану.....	10
• Батареяны қуаттау	10
• Bluetooth арқылы қосылу	10
• TWS мүмкіндігін қосу	11
• Сигнал көзіне желі арқылы қосылу	11
Техникалық деректері.....	12
Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері	13
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату шарттары мен ережелері.....	14
Қосымша ақпарат.....	15

Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сапасына, функционалдылығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес өндіріліп жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Қолданар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану мен күту жөніндегі ұсыныстардан тұратын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап, өнімді пайдаланған кезде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Құрылғының қолданылуы

Тасымалды дыбыстық жүйе кез-келген жерде, сонымен қатар электр розеткасы жоқ орындарда да музыка ойнату үшін арналған.

Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар (Li-pol/ Li-ion)

Құрметті пайдаланушы! Назар аударыңыз, сіз сатып алған құрылғы қуат көзі ретінде литий негізіндегі батареяны пайдаланады. Төмендегі ақпаратты мұқият оқып шығыңыз. Бұл сізге батареяның қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде қажетсіз жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

1. АКБ-ның қалыпты тозуы

Құрылғы ұзақ уақыт сақталған және пайдаланылған кезде, аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша — «АКБ») қуаты мен сыйымдылығын жоғалтуға бейім. Құрылғыны пайдалану барысында қуаттау-қуаты таусылудың 300 циклынан кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдаланғанда), АКБ сыйымдылығы номиналды көрсеткіштің 80 % -на дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. АКБ сыйымдылығы қуаттау-қуаты таусылудың 400 циклынан кейін номиналды сыйымдылықтың 60 % -на дейін төмендеуі мүмкін.

Белгіленген шектер мен уақыт кезеңдерінде сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — ақау болып табылмайтын АКБ-ның қалыпты тозуы.

Құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да АКБ қуаты таусылады. Өздігінен қуаты таусылуы айына шамамен 5 % дейін. Құрылымы бойынша АКБ қысқа мерзімді және қолданылғанына немесе қолданылмағанына қарамастан үнемі құлдырайды. Неғұрлым температура жоғары және қуаттау мәні мен 40 % -ға тең саналатын «оңтайлы» мәні арасы (сақталу тұрғысынан) қашық болса, соғұрлым бұл құлдырау қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, оны 40–50 % қуат деңгейінде сақтаған жөн.

2. Тек түпнұсқа қуаттау құрылғысын пайдаланыңыз.

Аккумулятор батареясының қуаттау-қуаты таусылу мүмкіндігін ішіне орнатылған контроллер реттейді. Бастапқы жинаққа кірмейтін сыртқы қуаттау құрылғылары арқылы мәжбүрлі «жылдам қуаттау» режимдері қарсы көрсетілген, өйткені қуаттау және қуаты таусылу тоқтары шектеулі.

АКБ-да «жад әсері» деп аталатын ерекшелігі жоқ. АКБ-сын кез-келген қуат деңгейінен бастап отырғызуға/қуаттауға болады. Көптеген құрылғыларда қуаты таусылу/қуаттау дәрежесіне шектеу қойылған — мысалы, егер қуаты 90 % -дан асқан болса, контроллер АКБ-ын қуаттауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ, АКБ элементтері («толықтай қуаты таусылу» әсерінен) істен шықпауы үшін оның қуаты толығымен таусылуына мүмкіндік бермейді.

Егер АКБ 2 апта немесе одан да көп уақыт бойы қуаты

таусылған күйде қалса, оның элементтерінде сыйымдылығы жоғалудың қайтымсыз процесі жүріп, АКБ-ның істен шығуына әкеледі.

Құрылғының АКБ-сы отырып, ол біраз уақыт пайдаланылмаса, құрылғыны қайта пайдаланбас бұрын оны қуаттау құрылғысына қосып, 1–2 сағатқа қалдыру керек.

3. Температура режимін сақтаңыз.

АКБ-лары қуатталған күйде температурасы +15 °C мен +35 °C аралығында сақталуы тиіс.

АКБ-лары температурасы өте жоғары (+50 °C-ден жоғары) және өте төмен (-30 °C-ден төмен) қоршаған ортада ұзақ уақыт істеуге төзімсіз. Құрылғыны тікелей күн сәулесінен қорғаңыз және оны электр жылытқыштар сияқты жылу көздеріне жақын жерде қалдырмаңыз.

4. АКБ-сын бөлшектемеңіз, өртемеңіз немесе зақымдану белгілері бар болса, пайдаланбаңыз.

Ешбір жағдайда АКБ-ларын өз бетімен бөлшектеуге және олардың элементтерін қуаттауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы тиіс. Элементтерінің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға әкеліп, одан өрт шығып, жарылыс болуы мүмкін.

АКБ корпусында саңылау пайда болған жағдайда, элемент ішіне су енуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сутегі бөліну реакциясына және от тұтануына әкелуі ықтимал. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттарды шығарады.

Егер АКБ қалыпты жұмыс істеуін қойса, қандайда себепке байланысты деформацияланған (көтерілген, тартылған және т.б.) болса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: АКБ қызмет ету мерзімі көптеген факторларға байланысты (тыңдау ұзақтығы, дыбыс деңгейі және т.б.); нақты жұмыс уақыты көрсетілген уақытпен сәйкес болмауы мүмкін.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны қолданар алдында міндетті түрде қауіпсіздік және пайдалану бойынша нұсқаулықты оқып шығыңыз.
2. Құрылғыдағы ескертулерге назар аударыңыз және пайдалану бойынша нұсқаулықтарды ұстаныңыз.
3. Құрылғыны пайдалану нұсқауларын қолданыңыз.
4. Құрылғыны ванна, раковина, бассейн сияқты су көздерінің жанында, дымқыл беттерде немесе ылғал түзетін басқа орындарға жақын пайдалануға болмайды.
5. Желдету саңылауларын жаппаңыз. Өнімді төсек, диван, төсеніш немесе сол сияқты жерге қойып, желдету саңылауларын жаппаңыз. Құрылғыны шкафтар немесе ауа ағынына кедергі келтіретін басқа жабық жиһаздардың ішіне орнатпаңыз.
6. Құрылғыны радиаторлар, электр жылытқыштар, пештер немесе басқа жылу шығаратын құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздерінің қасына орналастырмаңыз.
7. Құрылғы нұсқаулықта сипатталған немесе құрылғыда көрсетілген кернеу көзіне қосылуы қажет.
8. Жерлендіру немесе полярлықты белгілеу құралдары зақымдалмауы үшін сақтық шараларын қабылдау қажет.
9. Құрылғыны тек өндіруші көрсеткендей тазалау қажет.
10. Саңылаулар арқылы құрылғы корпусының ішіне қандайда бір заттар және сұйықтықтардың енуіне жол бермеңіз.
11. Келесі жағдайларда қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет:
 - қуат сымы немесе ашасы зақымдалса;
 - құрылғы ішіне қандайда бір зат түссе немесе сұйықтық тисе;
 - құрылғы су әсеріне ұшыраса;
 - құрылғы дұрыс істемесе;
 - құрылғы құлаған болса немесе корпусы зақымдалса.

Құрылғы сызбасы



1. Қосу/өшіру.
2. Келесі композиция/дыбыс деңгейін көтеру.
3. Алдыңғы композиция/дыбыс деңгейін төмендету.
4. Ойнауын жалғастыру/тоқтату.
5. Bluetooth режиміне көшу.
6. TWS режиміне көшу.
7. Құрылғыны қуаттауға арналған microUSB ұяшығы.
8. AUX ұяшығы.
9. Жасыл индикатор шамы.
10. Көк индикатор шамы.

Құрылғыны пайдалану

1. Құрылғыны қосу/өшіру үшін (1) батырмасын басып, ұстап тұрыңыз. Көк индикатор шамы жыпылықтай бастайды.
2. Музыка ойнауын тоқтату/жалғастыру үшін (4) батырмасын басыңыз.
3. Алдыңғы/келесі композицияға өту үшін (2) немесе (3) батырмасын сәйкесінше басыңыз.
4. Дыбыс деңгейін төмендету/көтеру үшін (2) немесе (3) батырмасын сәйкесінше басып, ұстап тұрыңыз.

Батареяны қуаттау

1. Құрылғыны қуаттау үшін microUSB интерфейсі (7) қолданылады.
2. Құрылғыны microUSB порты арқылы қуаттау үшін құрылғыны өшіріңіз де, оған қуат кабелін қосыңыз. Кәбілдің екінші ұшын компьютерге немесе 5 В қуаттау құрылғысына қосыңыз.

Bluetooth арқылы қосылу

1. Құрылғыны қосыңыз.
Көк индикатор шамы жыпылықтай бастайды.
2. Қажетті құрылғыда Bluetooth мүмкіндігін қосып, (5) батырмасын басыңыз, іздеу арқылы «APS235» табыңыз да, қосылыңыз.
3. Сәтті қосылған кезде көк индикатор шамы жыпылықтауын тоқтатады.

TWS мүмкіндігін қосу

TWS (True Wireless Stereo) технологиясы, стерео дыбыстық әсері бар сымсыз екі арналы жүйені құру үшін Bluetooth арқылы жұпталған екі бағананы пайдалануға мүмкіндік береді.

1. TWS байланысын құру үшін бағаналарды Bluetooth сигналының ауқымына орналастырыңыз. Екі құрылғы бірдей смартфонныңызға, планшетіңізге қосылмағанына көз жеткізіңіз.
2. Екі ойнатқышты да қосыңыз. Құрылғының біріндегі (6) батырмасын басыңыз, дыбыстық сигнал шығады. Екі құрылғыда да жасыл индикатор шамдары жанған кезде, TWS байланысы сәтті орнатылады.
3. TWS режимінен шығу үшін (6) батырмасын қайта басыңыз. Екі құрылғының да жасыл индикатор шамдары сөнеді.

Сигнал көзіне желі арқылы қосылу

1. 3,5 мм кәбілді пайдаланып, құрылғыны сигнал көзіне қосыңыз, файлдар автоматты түрде ойнай бастайды.
2. Ойнауын негізгі құрылғы арқылы басқарыңыз.

Техникалық деректері

Үлгісі: APS235.

Шығыс қуаты: 10 Вт.

Динамик сипаттамалары: \varnothing 57 мм, 4 Ω , 10 Вт.

Жиілік диапазоны: 90–18000 Гц.

Жұмыс режимдері: Bluetooth, AUX.

Bluetooth нұсқасы: 5.0 + EDR.

Bluetooth стандарты: IEEE 802.15.1.

Таратқыштың қуаты: 4 дБм.

Сымсыз жиілік диапазоны: 2402-2480 МГц.

Bluetooth профильдері: HFP, HSP, A2DP, AVRCP.

Ылғалдан қорғау деңгейі: IPX6.

Қуат көзі:

- DC 5 В microUSB.
 - Орнатылған аккумулятор: 3,7 В; 1800 мА·сағ.
- Дербес жұмыс атқару мерзімі: 8 сағатқа дейін*.

*Орташа дыбыс деңгейінде ойнау режимінде.

Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері

Мәселе	Шешімі
Құрылғылар жұптаспайды	<ul style="list-style-type: none">• Құрылғының әлі де іздеу үстінде екеніне көз жеткізіңіз немесе оны өшіріп, қайта қосыңыз.• Жақын маңында қосылуын қиындататын Bluetooth құрылғылары тым көп.
Дыбыс деңгейі төмен	<ul style="list-style-type: none">• Құрылғының әлі де іздеу үстінде екеніне көз жеткізіңіз немесе оны өшіріп, қайта қосыңыз.• Жақын маңында қосылуын қиындататын Bluetooth құрылғылары тым көп.
Музыка ойнауының кенет тоқтауы	<ul style="list-style-type: none">• Құрылғының әлі де іздеу үстінде екеніне көз жеткізіңіз немесе оны өшіріп, қайта қосыңыз.• Жақын маңында қосылуын қиындататын Bluetooth құрылғылары тым көп.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе жиі қайталап бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушіде және тұтынушыда ауа температурасы 5 °С-ден 40 °С-ге дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жылытылатын орынжайларда қаптамасында сақталуы тиіс. Орынжайларда коррозияға әкелетін агрессивтік қоспалар болмауы керек (қышқыл булары, сілтілер).
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы мүқият пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Егер құрылғы ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімнің пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Керісінше, оны федералды және жергілікті заңдарға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін арналған электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыру қажет. Бұл өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адам денсаулығына лайықсыз пайдаланудан туындауы ықтимал зиян келтірмеуге көмектесесіз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Чжунхэнхуа Тэкнолоджи Ко., Лтд. 2706 к., Чунхуэй ғим., Ухэ Коммьюнити, Баньтянь көш., Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламенті талаптарына сәйкес.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламенті талаптарына сәйкес. Сапасын жақсарту мақсатында, өнімнің сыртқы түрі мен сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі бойы құрылғының үздіксіз жұмысына, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі сатып алынған күннен басталады және тек жаңа өнімдерге қатысты қолданылады.

Өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылып, кепілдік мерзімі ішінде оның істемей қалуы тұтынушы кесірінен болмаса, кепілдік қызметі бойынша ақысыз жөндеу немесе элементтерін ауыстыру ұсынылады. Жөндеу немесе элементтерді ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтары аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса, өнімге кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП-на (қашықтан басқару пульті) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғастырғыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі типтегі ақпарат сақтау құралдары, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және жинаққа енгізілген драйверлер (өнімнің қатты диск жетегінде алдын ала орнатылған БЖ қосқанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белбеулер, тасымалдау баулары, құрастыру құралдары, құрал-саймандар, өніммен бірге жеткізілетін құжаттар.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектер.

Келесі жағдайларда өндірушіге кепілдік міндеттемелері жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталса.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызмет мақсатында, сондай-ақ оның тікелей қызметіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, орнату және техникалық қызмет көрсету, қосу ережелерін (сонымен қатар өнімнің өзіне, онымен байланысты өнімдерге де электр желісінің сәйкессіз кернеуіне байланысты туындаған қысқа тұйықталу), өнімді сақтау және тасымалдау жөніндегі ұсыныстарды орындамау нәтижесінде өнім иесінің және/немесе үшінші тұлғалардың ықтимал материалдық, моральдық және басқа зиян шегуіне өндіруші жауап бермейді.
- Механикалық зақымдануына байланысты барлық жағдайлар: өнімді пайдалану кезінде алынған кетіктер, жарықшақтар, деформациялар, соққы іздері, ойықтар, майысулар және т.б.
- Жөндеу жұмыстарын жүргізуге өкілеттілігі жоқ тұлғалар өзге түрлендірулер енгізген, рұқсатсыз жөндеген болса. Егер ақаулық өнімнің құрылымы немесе схемасының өзгертілуі, өндірушімен қамтамасыз етілмеген сыртқы құрылғылардың қосылуы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан пайда болса.
- Егер өнім ақаулығы тежеусіз күш әрекеті жағдайларынан (табиғи апаттар, өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушінің бақылауынан тыс басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Өнімге бөгде нәрселер, бөтен денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлардың енуінен, агрессивтік орта, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындаған ақаулық, өнімнің толық немесе ішінара бұзылуына әкелген болса.
- Өнімнің сәйкестендірілуі (сериялық нөмірі) жоқ болса, әлде сәйкес келмесе. Егер зақымдалу (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен болса; құпиясөздерді (кодтар) орнату, өзгерту немесе жою салдарынан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігі жоғалып, өнімнің бағдарламалық ресурстары қолжетімсіз болса, себебі бұл бағдарламалық жасақтама жеткізушісі тарапынан мұндай қызмет қарастырылмаған.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигналдық қуаттың стандарттар немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен туындаса, соның ішінде жер бедерінің ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторларға байланысты, өнімді желі әрекет аймағынан тыс немесе шекара жерлерде пайдалану салдарынан болса.
- Егер зақымдалу стандарттан тыс (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (бүлінген) шығыс материалдары, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, қуаттандыру құралдары, түрлі ақпарат тасымалдағыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілер, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін мазмұнды (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар) қабылдау, орнату және пайдалану салдарынан туындаса.
- Осы өніммен бірге жұмыс істейтін басқа жабдыққа зақым келген болса.

